АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАХАМБЕТ АУДАНДЫҚ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
МАХАМБЕТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

21 қаракүз 2024жыл № 326

Махамбет ауылы село Махамбет

Коммуналдық меншік мүлігін бекітіп беру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабының 13)-тармақшасына және Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қарашадағы №240 «Махамбет ауданының коммуналдық меншігіне мүлік беру туралы» қаулысына сәйкес Махамбет аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық коммуналдық меншіктегі «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Райхан гүлі» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі Махамбет ауданы, Бақсай ауылдық округі, Таңдай ауылы Махамбет Есенбаев көшесі, №17 А мекенжайы бойынша орналасқан 1971 жылы салынған, кадастрлық нөмірі 04-065-013-648, 0,1 га жер учаскесінің алаңында орналасқан, бастапқы теңгерімдік құны 916011,00 (тоғыз жүз он алты мың он бір) теңгені құрайтын, жалпы алаңы 447,7 шаршы метр шеберхана ғимаратын аудандық коммуналдық меншікке «Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне бекітіліп берілсін.

2. «Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Әділғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Нұрлыбаев**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН

000351